


Портфолио



**Жиренбаева Жумагуль
Алдабергеновна**

**«Таң» бастауыш білім
беретін мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі**



«Таң» бастауыш білім беретін мектебі



**Жиренбаева
Жумагуль
Алдабергеновна**

Туылған жылы: *19.10.1978ж*

Бітірген оқу орны:

*Шымкент Университеті
Бастауыш сынып мұғалімі*

Пед өтілі: *11 жыл*

Шығармашылық тақырыбы:


*Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін
дамыту және пәнге деген қызығушылығын
арттыру.*

Санаты –*Педагог-зерттеуші*

Бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалімнің міндеті

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ




*Мұғалімнің міндеті жеке
біреуді адамгершілікке
өсиеттеу емес,
ұжымның дұрыс өсіуіне
орынды және даналық
түрде басшылық ету*



Менің мақсатым

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



*Жалпыадамзаттық
және ұлттық
құндылықтар негізінде
жан-жақты және
үйлесімді дамыған
тұлға тәрбиелеу.*



Білімін растайтын құжат




РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ





Халықаралық марапаттары

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ




Облыстық марапаттары

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ




Алғыс хаттар

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Ақпарат беттеріне жариялануы

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Мен ұстазбын!!!



ҰСТАЗ ... ЖАРАТЫЛЫСЫНАН ӨЗІНЕ
АЙТЫЛҒАННЫҢ БӘРІН ЖЕТЕ ТҮСІНГЕН,
КӨРГЕН, ЕСТІГЕН ЖӘНЕ АҢҒАРҒАН
НӘРСЕЛЕРДІҢ БӘРІН ЖАДЫНДА ЖАҚСЫ
САҚТАЙТЫН, БҰЛАРДЫҢ ЕШ НӘРСЕНІ
ҰМЫТПАЙТЫН ... АЛҒЫР ДА,
АЛҒАРЫМПАЗ,
АҚЫЛ ИЕСІ, ... МЕЙЛІНШЕ ШЕШЕН,
ӨНЕР БІЛІМГЕ ҚҰШТАР, АСА
ҚАНАҒАТШЫЛ,
ЖАНЫ АСҚАҚ ЖӘНЕ АР НАМЫСЫН
АРДАҚТАЙТЫН,
ЖАҚЫНДАРЫНА ДА, ЖАТ АДАМДАРЫНА
ДА ӘДІЛ,
ЖҰРТТЫҢ БӘРІНЕ... ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН
ІЗГІЛІК
КӨРСЕТІП ҚОРҚЫНЫШ ПЕН
ЖАСҚАНУ
ДЕГЕНДІ
БІЛМЕЙТІН БАТЫЛ,
ЕР ЖҮРЕК БОЛУ КЕРЕК.

ӘЛ - ФАРАБИ





Эссе XXI ғасыр мұғалімі



- Мұғалім-мектептің жүрегі. Әр адам баласын білімге шақырып тәрбиелеп өсірген мұғалімдердің еңбегі ешқашан өлмейді. Алайда заман дамыған сайын тек шәкірттің қабілетіне қарай талап қоймайды. Ендігі жерде мұғалімдердің де әдістемелік әлемін өзгертпек. Ол қалай?
- XXI ғасыр ілім мен ғылымның ғасыры деген күннің өзінде адам баласы бір саланың ғана маманы болып қалмау керек дегенді алға тартуда. Яғни сіз әмбебап болуыңыз керек бұл талап мұғалімдер қауымына да қатысты. Сонымен, XXI ғасырдың мұғалімдері қандай болуы керек?
- Тәуекелшіл, жаңа ғасырдың мұғалімі кез келген ауыртпалықты өзіне қабылдай отырып, тәуекелге баруға дайын болу керек. Оның бойындағы осынау қасиетті өзгелерге үлгі болады. Мұғалім ұғымының өзі өзгеге үлгі болуға үйретеді.
- Психолог-мұғалім тек білім беріп қана қоймай, алдында отырған әр шәкірттің психологиясын зерттеу керек. Топтан бөлек, әр шәкіртпен жеке-жеке жұмыс жасау басты талап. Өйткені әркімнің қабілеті әртүрлі. Ал топтық жұмыс кезінде бірін кем, бірін артық көрмеген абзал.
- Білікті педагог-педагог сөзінің өзі тәрбие мен ұстаз ұғымына етене жақын. Бірақ мұғалімнің өзі білікті әрі сауатты педагог болғаны дұрыс. Шәкіртке түрлі әдістер арқылы тәрбие беру, білім суымен сусындату ең маңызды дүние.
- Көшбасшы. Бүгінгі таңда мұғалімдерге тек қана сабақ беріп, лекция оқумен шектелуі шәкіртті қанағаттандыра алмайды. Мұғалім өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен қоса сол ортада көшбасшы бола білу керек. Қоғамды соңынан ертуге қауқарлы, ісіне берік әрі тиянақты болғаны жөн. Көштің басын бастау әрине қиын, дегенімен бұл жаңа дамыған дәуірдің талабы.
- Заманауи технологияны игеру. Классикалық кітаптың, қалам мен қағаздың дәурені өтіп бара жатқаны шындық. Дегенімен кітаптың құндылығын айта отырып, оған шәкіртті қызықтыру үшін мұғалімнің басты мақсаты заманауи инфрақұрылымды, техниканы меңгеруі керек. Соның ішінде компьютердің ішкі жүйесін, офистік бағдарламаларды арқылы жаңа заманға бейім жастардың көңілін алдандыра да, сабақты қызықты өткізе де алады.
- Рухани бай болу керек. Қай елдің болмасын мұғалім дәрежесін көтеріп жүрген жаны рухани құндылыққа бай болуы керек. Ол сол елдің ұлттық болмысы мен табиғатын бала бойына терең сіңіруге, отан сүйгіштікке тәрбиелеуге таптырмас құрал. Ұстаздың жан дүниесі рахани тәлімге толы болса, шәкірттің де одан алар ілімі далаға кетпек емес.
- Әмбебап мұғалім. XXI ғасырдың кез келген адам баласына қояр талабы осы. Дегенімен әрбір адамға қалам ұстатып, әріп үйретуші мұғалімнің әмбебап болу әлде қайда маңыздырақ. Мұғалімнің әмбебаптығы жан-жақты білімді, білікті тартысқа түссе тарпаңдап шығып, додаға түссе бәйгені бермес, шәкіртке түрлі әдістемелік құралдар арқылы жағдай жасаса она ол бір ғана мұғалімнің емес, бір мектептің, бір елдің абыройы болар еді.
- Интеллигент-мұғалімнің тағы бір қыры, өзін ұстауы, киім киісі, жүзінің жарқын бейнесіне дейін көрініп тұруы керек. Әрбір сөзге сауатты әрбір ісіне жауапты мәдениетті, интеллигентті тұлға болуы керек. Өйткені қазір қоғамда жастар әр әрекеттен үлгі алуға асығады. Ал көзін ашқан күннен бастап, үлкен өмірге қадам басқанға дейін үлгі тұтары – мұғалім. Ендеше оның интеллектуалды қабілеті аса маңызды.
- Саннан сапаға сапар шегу жолындағы мұғалімнің жаңа ғасырға берер жауабы дайын болуы керек. Өйткені талабы күшті қоғамның ағысы қатты. Ал сол ағысқа қарсы шәкіртті дайындау тағы да мұғалімнің еңбегі.

Қай ғасыр болмасын, мұғалімнің орны тақтан биік.